



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ТАБЫСТЫ АРТТЫРУ БОЙЫНША БЕЛСЕНДІ ІС-ҚИМЫЛДАРҒА ДАЙЫНДЫҒЫ

2022 жылдың ақпан айында ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ өткізген әлеуметтік сауалнаманың деректері бойынша еліміздің барлық өңірлерінде **халықтың 44,7% өз табысының деңгейіне қанағаттанбайтыны** белгілі болды. Ақмола, Атырау, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Алматы облыстары және Нұр-Сұлтан қаласы сияқты бірқатар өңірде респонденттердің жартысынан көбі осылай жауап берді.

Өз табыстарының деңгейін арттыру үшін қазақстандықтар **көбінесе проактивті стратегияларды** таңдайды. Осылайша сауалнамаға қатысқандар арасында өз табысын арттырудың басым стратегиясы - **өз білім деңгейін арттыруға дайындық. Өз біліктілігін арттыруға** дайын адамдар (23,7%) және осындай жағдайда қайта оқуға **келісетіндер** (13,9%) жалпы есептегенде 37,6% құрайды.


Өз табысын арттыру үшін респонденттердің 28,8% бірнеше жұмыста жұмыс істеуге, 24,5% өз ісін ашуға, 21,9% жұмыс орнын ауыстыруға, ал 5,0% инвестициялаумен айналысуға дайын.

ТАБЫСЫҢЫЗДЫҢ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ ҮШІН ҚАНДАЙ ІС-ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУҒА ДАЙЫНСЫЗ?

Табыс деңгейіне қанағаттанбайтын халық үлесі

ЕЛ БОЙЫНША ОРТАША ЕСЕППЕН

44,7%



	БІРНЕШЕ ЖҰМЫСТА ІСТЕУ	28,8%		ҚАЙТА БІЛІМ АЛУ	13,9%		ЖҰМЫС ІЗДЕП ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСҚА АУДАНЫНА/ЕЛДІ МЕКЕНІНЕ КӨШУ	5,5%
	ӨЗ ІСІ НАШЫП, БИЗНЕСПЕН АЙНАЛЫСУ	24,5%		ЕШТЕҢЕ ЖАСАМАЙМЫН, КІРІС ДЕҢГЕЙІ ҚАНАҒАТТАНДЫРАДЫ	9,6%		ИНВЕСТИЦИЯМЕН АЙНАЛЫСАМЫН	5,0%
	БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ	23,7%		ЖҰМЫС ІЗДЕУ ҮШІН БАСҚА ЕЛГЕ КӨШУ	6,0%		ТУЫСТАРЫМ КӨМЕКТЕСЕДІ ДЕП ҮМІТТЕНЕМІН	5,0%
	ЖҰМЫС ОРНЫН АУЫСТЫРУ	21,9%		ЕШТЕҢЕ ЖАСАМАЙМЫН, МЕМЛЕКЕТ МЕНІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІ ТИІС	5,8%		ЕРЕУІЛДЕРГЕ ҚАТЫСЫП, ЕҢБЕКАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫНЫ КӨТЕРУДІ ТАЛАП ЕТЕТІН БОЛАМЫН	0,7%

ҚСЗИ өңірлік мониторингті 2019 жылдан бері 6 800 респонденттің іріктемелі жиынтығымен жүргізіп келеді.

Зерттеу географиясы 14 облысты және республикалық маңызы бар 3 қаланы қамтиды.

Барлығы 185 қалалық және ауылдық елді мекен. Іріктеме негізгі жиынтықты (ҚР 18 жастан асқан халқы) негізгі параметрлер бойынша (жынысы, жасы, этникалығы, қоныс түрі) көрсетеді.